

Абай ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібін бекіту туралы

Қарағанды облысы Абай ауданының әкімдігінің 2016 жылғы 15 ақпандағы № 06/02 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 16 наурызда № 3720 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі "Автомобиль көлігі туралы" Заңының 14 бап 3 тармағының 3-1) тармақшасына сәйкес, Абай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Осы қаулының 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7 және 8 қосымшаларына сәйкес Абай ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы бекітілсін.

2. Қоса берілген Абай ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың тәртібі бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылауды салаға басшылық ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.


4. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Абай ауданының әкімі

С. Шайдаров


Абай ауданы әкімдігінің
2016 жылғы 15 ақпандағы
№ 06/02 қаулысына
1-қосымша

Пруды, Огороды және Изумрудное ауылдарында тұратын балаларды Самарка ауылының орта мектебіне тасымалдау схемасы




Абай ауданы әкімдігінің
2016 жылғы 15 ақпандағы
№ 06/02 қаулысына
2-қосымша

Пахотное ауылында тұратын балаларды Есенгелді ауылының орта мектебіне тасымалдау схемасы




Абай ауданы әкімдігінің
2016 жылғы 15 ақпандағы
№ 06/02 қаулысына
3-қосымша

Тасзаемка және Жон ауылдарында тұратын балаларды Юбилейное ауылының "Мерей" мәдени-бос уақыт өткізу орта мектебіне тасымалдау схемасы




Абай ауданы әкімдігінің
2016 жылғы 15 ақпандағы
№ 06/02 қаулысына
4-қосымша


Жартас санаториінде, Северное және Зеленые ключи ауылдарында тұратын балаларды Көксу ауылының орта мектебіне тасымалдау схемасы



Ягодное және Сангородок ауылдарында тұратын балаларды Агрогородок ауылының орта мектебіне тасымалдау схемасы




Қарағоға, Поливное және Восход ауылдарында тұратын балаларды Жартас ауылының "Жұлдыз" мәдени-бос уақыт өткізу орта мектебіне тасымалдау схемасы




Абай ауданы әкімдігінің
2016 жылғы 15 ақпандағы
№ 06/02 қаулысына
7-қосымша

Шерұбай-Нұра және ЖаманЖол ауылдарында тұратын балаларды Құлаайғыр ауылының орта мектебіне тасымалдау схемасы



Абай ауданы әкімдігінің
2016 жылғы 15 ақпандағы
№ 06/02 қаулысына
8-қосымша

Спасск ауылында тұратын балаларды Құрма ауылының орта мектебіне тасымалдау схемасы



Абай ауданы әкімдігінің
2016 жылғы 15 ақпандағы
№ 06/02 қаулысымен
бекітілген

Абай ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың тәртібі

1. Жалпы ережелер

1. Абай ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың осы тәртібі "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабына және "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 14 бабына сәйкес, сонымен қатар Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы "Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 11550 болып тіркелген) № 349 бұйрығына сәйкес құрастырылған.

2. Балаларды тасымалдау Қазақстан Республикасы заңнамаларымен белгіленген талаптарға сәйкес жабдықталған автобустармен, шағын автобустармен және әрбір балаға отыратын жеке орын беріле отырып жүзеге асырылады.

3. Автобустарда жол жүруге мынадай балаларға және ересек еріп жүрушілерге рұқсат етілмейді:

- 1) қауіпсіздік шараларын бұзуға әкеп соғатын, толқыған жай-күйінде;
- 2) алкоголь, есірткі, психотропты және улағыш заттардың әсері болғанда.

2. Балаларды тасымалдау тәртібі

4. Балалардың топтарын сағат 22.00-ден бастап 06.00-ге дейінгі мезгілде, сондай-ақ көрінім жеткіліксіз жағдайда (тұман, қар жауған, жаңбыр және басқалар) автобустармен тасымалдауға жол берілмейді.

Тасымалдау қауіпсіздігіне қатер төндіретін жол және метеорологиялық жағдайлардың қолайсыз өзгеруі кезінде, автобустардың қозғалысын уақытша тоқтату туралы қолданыстағы нормативтік құжаттарда көзделген жағдайда тасымалдаушы рейсті алып тастауға және бұл туралы тапсырыс берушіге дереу хабарлауға тиіс.

5. Тәуліктің жарық мезгілінде балаларды автобуспен тасымалдау фаралардың жақын қосылған жарығымен жүзеге асырылады.

6. Автобусты күтіп тұрған балаларға арналған алаңшалар, олардың жүріс бөлігіне шығуын болдырмайтындай жеткілікті үлкен болуы тиіс.

Алаңдарда жайластырылған өту жолдары болуы және жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттарының аялдама пункттерінен бөлек орналасуы тиіс.

Егер балаларды тасымалдау тәуліктің қараңғы мезгілінде жүзеге асырылса, онда алаңшалардың жасанды жарығы болуы тиіс.

Күзгі-қысқы кезеңде алаңдар қардан, мұздан, кірден тазартылуы тиіс.

7. Балаларды оқу орындарына тасымалдауға Тапсырыс беруші балаларды отырғызу және түсіру орындарының жай-күйін тұрақты түрде (айына кемінде бір рет) тексереді.

8. Автобустардың қозғалыс кестесін тасымалдаушы тапсырыс беруші мен келіседі.

Жол жағдайларының қолайсыз өзгеруі кезінде, басқа жағдайлар кезінде (қозғалысқа шек қою, уақытша кедергілердің көрінуі, бұл жағдайда жүргізуші кестеге сәйкес жылдамдықты жоғарылатпай жүре алмайды), кесте жылдамдықты төмендету жағына (қозғалыс уақыттарының артуына) түзетілген болуы тиіс. Кестенің өзгеруі туралы тасымалдаушы тапсырыс берушіге хабарлауы тиіс, ол балаларды дер кезінде хабарландыру бойынша шаралар қабылдайды.

9. Тапсырыс беруші балаларды тасымалдайтын әрбір автобусқа балалармен оларды жеткізу орнына дейін алып жүретін, тапсырыс беруші-ұйым қызметкерлерінің немесе ата-аналарының ішінен жауаптыларды белгілейді (мектепке, өзге білім беру ұйымдарына балаларды тұрақты тасымалдауды жүзеге асырған кезде жауапты ретінде еріп жүрушілер үшін арнайы нұсқама алған жоғары сынып оқушыларын белгілеуге жол беріледі).

10. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген нұсқаманы жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге немесе тасымалдаушыға тиесілі көлік құралдарын пайдалануға жауапты адам жүргізеді.

11. Балаларды тәуліктің қараңғы мезгілінде тасымалдаған жағдайда фаралардың жақын немесе алыс жарығымен қоса тұманға қарсы фаралар пайдаланылуы мүмкін.

12. Балаларды тасымалдаған кезде жүргізуші:

1) автобус қозғалысының белгіленген маршрутынан ауытқымайды және белгіленген жылдамдық режимдерін бұзбайды;

2) қозғалыс барысында автобусты басқаруда алаңдамайды (сөйлеспейді, тамақ ішпейді, кабинада қатты музыка қоймайды);

3) тасуға тыйым салынған нәрселерді, заттарды және материалдарды автобуста алып жүрмейді;

4) топырақ жолдарға шығып кетпейді және олармен жүрмейді (жолды жөндеу және қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізу кезінде тасымалдаған жағдайдан басқа).

13. Автобустың қозғалысы барысында еріп жүрушілер автобустың әрбір есігінің жанында орналасуы тиіс. Егер автобуста бір еріп жүруші болса, ол автобустың алдыңғы есігінің жанында орналасуы тиіс.

14. Сапар кезінде еріп жүрушілер балалардың:

1) салонда тұруына және жүруіне;

2) есіктер мен терезелерге жантаюына;

3) жоғарғы сөрелерге ауыр және орнықсыз заттарды қоюына;

4) қол жүгін өту жолдарына және кіреберістегі (шыға берістегі) алаңдарда орналастыруына;

5) терезе ойықтарынан бастарын шығаруына;

6) терезеден қоқысты және қандай болса да өзге заттарды тастауға;

7) жазатайым жағдайдың алдын алуға бағытталған жолаушылардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін ахуал туралы хабарламалардан басқа жүргізушіні көлік құралын басқарудан алаңдатуына;

8) жолаушылардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндірмейтін жағдайларда авариялық жабдықтарды пайдалануына;

9) есіктерді ашуына;

10) төбелесуіне, итерісуіне, қимыл ойындарын ойнауға;

11) шылым шегуге, сіріңке, оттық жағуға;

12) спирттік ішімдіктерді ішуіне, есірткі, психотропты және улы заттарды қабылдауына жол бермейді.

15. Еріп жүрушілер мыналарды қамтамасыз етеді:

1) барлық оқушылардың қозғалыс, аялдау, тамақтану, түнеу кезінде жеке гигиена ережелерін сақтау;

2) әрбір топта дәрігерге дейінгі көмек көрсетуге қажетті дәрігерлік және тану

құралдарының жиынтығымен жабдықталған медициналық дәрі қобдишасы болуын;

3) балалардың хал-жағдайын әрдайым қадағалауын, қажет болған жағдайда ауырғандар мен жарақаттанғандарға дәрігерге дейінгі көмек көрсетуін.

16. Бүкіл маршрут бойы балалар автобуска алғашқы отырғызу кезінде оларға бөлінген орындарды алады. Автобустың қозғалыс барысында және аялдамадан (тұрақтан) кейін еріп жүрушінің рұқсатынсыз орыннан орынға отырғызуға тыйым салынады.

17. Автобус салонындағы терезелер (желдеткіштер) жабық болуы тиіс. Салонды желдету қажет болған жағдайда және тек еріп жүрушінің рұқсатымен ғана төбедегі желдету люктері ашылады.

18. Тасымалданатын балалардың қалыпты жағдайы мен денсаулығын қамтамасыз етуге байланысты қажеттілік болған кезде автобустың жүргізушісі еріп жүрушінің нұсқауымен жол жүру барысында жоспарланбаған аялдамалар жасайды.

Аялдама және тұрақ орындарын таңдағанда жүргізуші Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алуы тиіс.

Тәуліктің қараңғы мезгілінде, сондай-ақ жеткіліксіз көру жағдайында аялдама (тұрақтау) жасаған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сыртқы жарық құралдарын пайдаланған жөн.

19. Еріп жүрушілер қауіпсіздік шараларын сақтау қажеттігі, топтың артында қалып қоюына жол берілмейтіндігі және егер бала қалып қойған жағдайда іс-қимыл тәртібі туралы балаларға ескерте отырып, әрбір аялдаманың алдында тұрақтау уақытын хабарлайды.

20. Тұрақтау (аялдау) кезінде балаларды автобустан шығару алдыңғы есіктер арқылы жүзеге асырылады. Автобустан бірінші болып еріп жүрушілер шығады. Тұрақтау (аялдау) кезінде еріп жүрушілер: біреуі – автобустың алдыңғы бөлігінде, екіншісі – автобустың артында тұруы және балалардың түсуін және содан кейін балалардың жолдың жүру бөлігіне жүгіріп шықпауын бақылау қажет.

Балалар автобуска оралғаннан кейін еріп жүрушілер балалардың өз орындарында орналасқандығына көз жеткізеді, содан кейін ғана жүргізушіге сапарды жалғастыру мүмкіндігі туралы хабарлайды.

21. Маршрут бойынша автобустың қозғалысы мына жағдайларда тоқтатылады:

1) автобуста Жол жүру ережесіне сәйкес қозғалыс немесе оларды пайдалану тыйым салынған техникалық ақаулар пайда болғанда;

2) жол-метеорологиялық жағдайлар өзгергенде тасымалдаудың қауіпсіздігіне қауіп төндіретін өзге де жағдайларда (көк тайғақ, тұман, жолдардың бұзылуы, жүретін жолдың маңында авариялар болу);

3) жол жүргенде бала жарақат алғанда, кенеттен ауырғанда, қан кеткенде, талғанда;

4) жүргізушінің хал-жағдайы нашарлағанда.

22. Техникалық ақауға байланысты автобусты мәжбүрлі тоқтатқан кезде жүргізуші:

өзге көлік құралдарына кедергі жасамайтындай етіп автобусты тоқтатуға, авариялық сигнал беруді қосады және елді мекенде автобустан 15 метрден және елді мекеннің сыртында – 30 метрден кем емес қашықтықта автобустың артында авариялық аялдау белгісін қояды.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен осы қағиданың талаптарын сақтай отырып, қозғалысты одан әрі жалғастыруға мүмкіндігі туғанға дейін балаларды автобустан шығарып, еріп жүрушілердің бақылауында оларды қауіпсіз жерге апаруға тиіс.

23. Жол-көлік оқиғасы болған жағдайда жүргізуші және еріп жүрушілер көлік құралынан балаларды олардың жеке заттарын шығармай жедел эвакуациялау қажет.

24. Көлік құралында өрт пайда болған жағдайда еріп жүрушілер:

1) өрт жөнінде жүргізушіге белгі беруге;

2) көлік құралы тоқтағанға дейін балаларды өрт көзінен мүмкіндігінше алысырақ апарып және оны салонда бар өрт сөндіргішпен және қол астындағы заттармен сөндіруге кіріседі;

3) тоқтағаннан кейін шұғыл түрде балаларды және барлық жолаушыларды көлік құралы жарылған кезде жарақаттарды болғызбайтын қауіпсіз қашықтыққа жеке заттарсыз жедел шығаруға тиіс.

25. Жол-көлік оқиғасы және өрт кезінде балаларды көлік құралынан эвакуациялағаннан кейін еріп жүрушілер және жүргізуші міндетті:

1) зардап шеккендерге алғашқы дәрігерлік көмек көрсетуге және оларды жақын орналасқан дәрігерлік мекемеге жеткізуге;

2) жол-көлік оқиғасы болған жерге немесе өрт орнына ішкі істер органдары қызметінің және қажет болса "жедел көмек" қызметкерлерін, құтқарушыларды, өртке қарсы қызметтің мамандарын шақыру шараларын қабылдауға;

3) зардап шекпеген балаларды олардың қауіпсіздігіне қауіп төнбейтін орынға жинап, оларды тыныштандыруға, қажет болған жағдайда денсаулығы әлсіреген, жүрек-тамыр және асқынуы стресске әкеп соғуы мүмкін өзге де аурулары бар балалардың дәрігер белгіленген дәрілерді қабылдауын қамтамасыз етуге;

4) өртті сөндіруді аяқтағаннан кейін, сондай-ақ жол-көлік оқиғасы орнында қауіп болмаған кезде ішкі істер органдары қызметінің қызметкерлерінің келісімі бойынша топ жетекшілерінің және ересек еріп жүрушілердің күшімен мүмкіндігінше балаларды тартпай жеке заттарды жинап, оларды балаларға беруге;

5) балаларды онан әрі тасымалдау мүмкіндіктерін және маршрутын анықтауға;

6) қажет болғанда орынға келіп жеткен ішкі істер органдары қызметінің қызметкерлеріне балаларды тасымалдауды ұйымдастыруға көмек көрсету туралы өтініш жасауға;

7) телефон арқылы оқиға және балалардың хал-жағдайы туралы тапсырыс берушінің әкімшілігіне хабарлауға, оның көмегімен медициналық мекемелерге

жіберілген балалардың заңды өкілдеріне олардың орналасқан жері және хал-жағдайы туралы, сондай-ақ зардап шекпеген балалардың заңды өкілдеріне олардың орналасқан жері және топтың онан әрі жүру маршруты туралы жедел хабарлауын қамтамасыз етуге тиіс.

26. Балалардың тасымалдауын орындаған кезде автобустың жүргізушісі маршруттың соңғы пунктіне келген бойдан ол туралы тасымалдаушыға хабарлауға тиіс .

3. Қорытынды ережелер

27. Ауданның шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдау бойынша осы тәртіппен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.